



**MAQSUT NARIKBAYEV
UNIVERSITY**
**Жоғары құқық мектебінің
магистратураның білім беру
бағдарламалары бойынша
білім алушыларына
арналған
НҰСҚАУЛЫҚ**

Осы Нұсқаулық MAQSUT NARIKBAYEV UNIVERSITY Жоғары құқық мектебінің жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім алушыларының магистрлік диссертациялары мен жобаларын оқытуға және дайындауға қойылатын жалпы талаптарды, сондай-ақ аудиториядан тыс оқу жүктемесінің жекелеген аспектілерін қамтиды.

2025 жылғы 24 ақпандағы № 11 хаттамасы негізінде MAQSUT NARIKBAYEV UNIVERSITY Жоғары құқық мектебінің Ғылым комитеті ұсынған.

Жоғары құқық мектебінің Ғылым комитетінің төрағасы, PhD, Adjunct Assistant Professor Абылайұлы А., PhD, Teaching Professor Лозовая О.В., сондай-ақ LLM, Teaching Professor Бабаджанян Е.Л. тарапынан әзірленген.

Осы құжат MAQSUT NARIKBAYEV UNIVERSITY Басқарма Төрағасының рұқсатынсыз толық немесе ішінара қайта өндіруге, көбейтуге және таратуға жатпайды.

МАЗМҰНЫ

1-тарау	Қолданылу саласы	4
2-тарау	Жалпы ережелер	4
3-тарау	Қабылдау талаптары мен тәртібі	4
4-тарау	Бағыттар бойынша оқыту траекториялары	4
5-тарау	Магистрлік диссертация және магистрлік жоба	5
6-тарау	Зерттеу тақырыбын бекіту тәртібі	5
7-тарау	Тәжірибелер мен тағылымдамаларды ұйымдастыру	6
8-тарау	Магистрлік диссертацияны (жобаны) дайындауға қойылатын талаптар	9
9-тарау	Жарияланымды дайындауға қойылатын талаптар	13
10-тарау	Draft Research және диссертацияны (жобаны) алдын ала қорғау	13
11-тарау	Диссертацияны (жобаны) жария қорғау	15
12-тарау	Магистрлік диссертацияда жасанды интеллектіні пайдалану қағидалары	18
	<i>1-қосымша. Магистрлік диссертацияның (жобаның) мұқабасы</i>	19
	<i>2-қосымша. Магистрлік диссертацияның (жобаның) титулдық парағы</i>	20
	<i>3-қосымша. Магистранттың күнтізбелік жоспары</i>	21
	<i>4-қосымша. Магистрлік диссертацияның (жобаның) мазмұны</i>	23
	<i>5-қосымша. Библиографияны рәсімдеу</i>	25
	<i>6-қосымша. Ғылыми жетекшінің пікірі</i>	27
	<i>7-қосымша. Магистрлік диссертацияға (жобаға) рецензия</i>	28
	<i>8-қосымша. Тәжірибелер (тағылымдамалар) бойынша есептің мұқабасы</i>	29
	<i>9-қосымша. Research Proposal-ға қойылатын талаптар (таңдалған зерттеу тақырыбының өзектілігін қорғау)</i>	30
	<i>10-қосымша. Draft Research I қорғауға қойылатын талаптар</i>	31
	<i>11-қосымша. Draft Research II қорғауға қойылатын талаптар</i>	32
	<i>12-қосымша. Диссертацияны (жобаны) дайындауды бағалау критерийлері</i>	33
	<i>13-қосымша. Диссертацияның (жобаның) ауызша қорғауын бағалау критерийлері</i>	34

1-тарау Қолданылу саласы

Осы Нұсқаулық ғылыми-педагогикалық және бейіндік бағыттар бойынша магистранттың оқу процесіне және ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізуге қойылатын талаптарды белгілейді және магистратура білім беру бағдарламалары шеңберінде білім беру процесіне жауапты Университеттің құрылымдық бөлімшелері тарапынан қолданылады.

2-тарау Жалпы ережелер

MAQSUT NARIKBAYEV UNIVERSITY (бұдан әрі – MNU) Жоғары құқық мектебінің (бұдан әрі – ЖҚМ) магистратурасында оқыту төмендегідей қағидаттарға негізделеді:

- MNU-дің эксклюзивті серіктес-жұмыс берушілерінің қатысуымен әзірленген заң ғылымының заманауи бағыттарын зерттеу;
- үздік оқытушыларды (оның ішінде практик-мамандарды) тарту;
- құқық саласында магистрлерді даярлаудың жаңа тәсілін қолдану;
- академиялық адалдық қағидаттарын сақтау;
- аудиториялық жүктемесі қалыпты деңгейдегі бірегей білім беру бағдарламасын әзірлеу;
- құқық қолдану практикасымен өзара байланысты қамтамасыз ету және құқықтық мәселелер бойынша барынша өзекті ақпарат алу;
- ғылыми зерттеулерді оқу процесіне интеграциялау;
- зерттеулердің шығармашылық еркіндігін барынша қамтамасыз ету.

3-тарау Қабылдау талаптары мен тәртібі

Магистратура білім беру бағдарламаларына қабылдау тәртібі MNU Академиялық және зерттеу кеңесі бекіткен Қабылдау қағидаларымен, сондай-ақ MNU-дің Академиялық саясатына сәйкес реттеледі.

4-тарау Бағыттар бойынша оқыту траекториялары

Магистратураның ғылыми-педагогикалық және бейіндік бағыттары бойынша оқыту теориялық оқытуды, тәжірибеден өтуді (зерттеу, педагогикалық, өндірістік), сондай-ақ диссертацияны (жобаны) жазуды қамтиды.

Ғылыми-педагогикалық бағыт	
Теориялық оқыту (тәжірибелер мен тағылымдамаларды қоса алғанда)	84 ECTS
МҒЗЖ (магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы)	24 ECTS
Қорытынды аттестаттау	12 ECTS
Жалпы көлемі:	120 ECTS

Бейіндік бағыт	
Теориялық оқыту	35 ECTS
МЭЗЖ (магистранттың эксперименттік-зерттеу жұмысы)	13 ECTS
Қорытынды аттестаттау	12 ECTS
Общее количество:	60 ECTS

5-тарау

Магистрлік диссертация және магистрлік жоба

Магистратурада оқытудың негізгі мақсаты – диссертациялық зерттеуді даярлау болып табылады.

Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистранттар магистрлік диссертацияны дайындайды. Диссертация тиісті Ғылыми мектеп (бұдан әрі – FM) айқындайтын өзекті ғылыми мәселені шешуге бағытталған ғылыми жұмыс болып табылады, дербес ғылыми зерттеу жүргізу дағдыларын көрсетеді және практикалық мәселелерді қамтуы тиіс.

Бейіндік бағыттағы магистранттар диссертациялық жобаны дайындайды. Жоба тиісті FM айқындайтын қолданыстағы практикалық мәселені шешуге бағытталады, магистранттың практикалық дағдыларды қолдану қабілетін көрсетеді және магистранттың кәсіби қызмет саласымен, тәжірибеден өту орнымен тығыз байланысты болуы немесе мүдделі тұлғалардың тапсырысы бойынша орындалуы мүмкін.

Ғылыми-зерттеу жұмысы әрбір магистрантқа тиісті FM бекітетін, тиісті Департамент оқытушылары қатарынан тағайындалған ғылыми жетекшінің тікелей басшылығымен жүзеге асырылады. Зерттеу тақырыптамасы FM тарапынан айқындалады. Ғылыми жетекшімен байланыс орнату, сондай-ақ консультация алу құқығын адал әрі тиісінше пайдалану үшін жауапкершілік магистрантқа жүктеледі. Ғылыми зерттеулердің барлық тақырыптары FM өзекті құқық саласының дамуының мәселелері мен үрдістерін негізге ала отырып әзірлейтін Research Report тақырыбына сәйкес келеді.

Танылған халықаралық ойын сот процестеріне қатысу үшін Университет командасының құрамына кіретін магистранттарға бағдарлама жетекшісінің ұсынымы негізінде және Ғылым комитетімен келісу арқылы жобаға/байқауға қатысу шеңберінде дайындалған жұмыс магистрлік диссертация (жоба) ретінде есепке алынуы мүмкін.

6-тарау

Зерттеу тақырыбын бекіту тәртібі

Магистрантты FM бекіту рәсімін ЖҚМ-нің жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жөніндегі декан орынбасары әкімшілендіреді, ал зерттеу тақырыбын таңдау рәсімін ЖҚМ-нің жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жөніндегі тьютор-менеджері әкімшілендіреді.

Магистрлік диссертациялардың (жобалардың) ғылыми жетекшілері ретінде MNU профессорлық-оқытушылық құрамының ішіндегі жоғары білікті тұлғалар тағайындалуы мүмкін. Магистрантқа екі ғылыми жетекші тағайындауға жол беріледі. ЖҚМ Ғылым комитеті қалыптастырған қалаусыз жетекшілер тізіміне енгізілген не Деканның өкімімен шектелген, сондай-ақ магистрлік диссертацияны (жобаны) орындау көзделіп отырған тілді меңгермейтін тұлға ғылыми жетекші ретінде тағайындалмайды.

Әрбір FM әр оқу жылының соңында Research Report дайындайды. Аталған есеп (есептер) белгілі бір тақырып бойынша тұтас зерттеуді білдіреді. Бейіндік бағыттағы

магистратура және бакалавриат студенттері үшін Research Report бір оқу жылы ішінде, ал ғылыми-педагогикалық бағыттағы студенттер үшін екі оқу жылы ішінде қалыптастырылады. Бір Research Report аясында бекітілетін студенттер мен магистранттар саны жеткілікті болған жағдайда бірнеше зерттеу тақырыптары қамтылуы мүмкін. Өртүрлі тілдердегі тақырыптардың қайталануына жол берілмейді. Research Report тақырыптамасы FM-мен келісіліп, кейін ЖҚМ Ғылым комитеті тарапынан бекітіледі. Зерттеудің аралық нәтижелерін келесі оқу кезеңінде логикалық түрде аяқтау шартымен жариялауға жол беріледі. Өрбір Research Report бойынша есеппен жұмыс жүргізуді үйлестіретін және құжаттың қорытынды мәтінін қалыптастыратын жетекші бекітіледі.

Research Report тақырыптары студенттерге 1 қазаннан кешіктірмей ұсынылады. Тақырыптарды таныстырудан кейін магистранттар зерттеу жүргізу үшін Ғылыми мектепті FM таңдап, тиісті мектепке бекітіледі. Research Report дайындауға қатысатын магистранттар мен студенттер контингенті қалыптастырылғаннан кейін FM магистранттар мен студенттер арасында нақты мәселелер мен тақырыптарды бөліп көрсете отырып, тиісті есептің мазмұнын әзірлейді. Өрбір магистрантқа немесе студентке ғылыми жетекші тағайындалады.

Зерттеу шеңберінде магистранттар барлық қорғау кезеңдерінен өте отырып, дербес диссертацияны/жобаны дайындайды, алайда жұмыс Research Report дайындауға елеулі үлес қосуға барынша бағытталуы тиіс.

Тьютор-менеджер диссертациялар (жобалар) тақырыптары мен ғылыми жетекшілерін бекіту жөнінде ұсыныс қалыптастырып, оны ЖҚМ Ғылым комитетінің және Университеттің Академиялық және зерттеу кеңесінің қарауына ұсынады. Диссертациялардың (жобалардың) тақырыптары мен ғылыми жетекшілерін бекіту туралы бұйрық ағымдағы жылдың 31 қазанына дейін шығарылады.

7-тарау

Практика мен тағылымдамаларды ұйымдастыру

7.1. *Тағылымдама*

Тағылымдамадан бейіндік және ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистранттар міндетті түрде өтеді. Тағылымдама білім беру бағдарламасы бойынша игерілетін кредиттер құрамына кіреді. Тағылымдаманың мақсаты – оқу бағдарламасына сәйкес магистранттың практикалық дағдыларын қалыптастыру және дамыту. Магистранттар тағылымдамадан өтуге оқу бағдарламасына сәйкес ұйымға жіберіледі. Тағылымдама кәсіпорындағы тағылымдама жетекшісімен келісілген кесте бойынша офлайн форматта, аптасына кемінде 12 сағат көлемінде өткізіледі. Магистрант тағылымдама журналын толтырады, онда өтелген сағаттар кәсіпорын тарапынан тағайындалған тағылымдама жетекшісінің қолымен расталады.

Тағылымдамадан өту барысында магистрант тағылымдамадан өтетін ұйымның қызметін зерделейді, тағылымдама жетекшісінің тапсырмаларын орындайды, сондай-ақ тиісті нормативтік-құқықтық базамен танысады. Тағылымдама тапсырмалары тек практикалық сипатта болады және магистранттың кәсіби қасиеттері мен дағдыларын қалыптастыруға бағытталады. Тапсырмаларды орындау нәтижелері бойынша магистрант құқық саласының даму үрдістері, перспективалары мен негізгі проблемалары туралы түсінік қалыптастыруы тиіс.

Тағылымдама аяқталғаннан кейін есептерді қорғау өткізіледі. Есептің ұсынылатын көлемі – 7-10 бет, қаріпі Arial, өлшемі 14, жоларалық интервал – 1.

Есептің құрамына мыналар кіреді:

- магистранттың тағылымдама барысында орындаған жұмыс түрлері мен тапсырмаларының сипаттамасы;
- тиісті құқық саласының қызметі мен дамуының жалпы үрдістерін талдау;

- тағылымдамадан өту ұйымы тарапынан тағайындалған жетекшінің сипаттамасы;
- тағылымдама журналы түріндегі қосымша.

Есептерді қорғау Практика, мансап және жұмыспен қамту офисінің қызметкерлерінен, сондай-ақ Жоғары құқық мектебінің профессорлық-оқытушылық құрамынан тұратын комиссияда өткізіледі. Баға комиссия мүшелерінің барлық бағаларының орташа арифметикалық мәнін есептеу арқылы қойылады. Бағалар ағымдағы күндегі есептерді тыңдау аяқталғаннан кейін магистранттарға жария етіледі.

Тағылымдама нәтижелері бойынша есепті қорғауды бағалау критерийлері:

- магистрант оқу бағдарламасы бойынша кәсіби ортаның дамуының өзекті бағыттарын зерделегенін көрсетеді – 20%;
- магистрант тағылымдама қорытындылары бойынша кәсіби практикалық дағдыларды меңгергенін көрсетеді – 40%;
- магистрант тағылымдамадан өтетін ұйымның қызмет ету тетіктері мен міндеттерін түсінетінін көрсетеді – 20%;
- магистранттың есебі логикалық тұрғыдан құрылымдалған, тағылымдаманың мазмұны мен оны өту нәтижелерінің сипаттамасын қамтиды, есептің рәсімделуі белгіленген талаптарға (қаріп, жиектер, интервал, пайдаланылған дереккөздерге сілтемелер) сәйкес келеді – 20%.

7.2. *Магистранттардың педагогикалық практикасы*

Педагогикалық практиканы ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистранттар 4 апта (45 сағат) көлемінде өтеді, оның ішінде 3 сағаты – белсенді болып табылады.¹ Қалған сағаттарға мыналар кіреді: магистранттың ЖҚМ оқытушыларының сабақтарына қатысуы; ЖҚМ-нің академиялық іс-шараларына қатысуы; практика жетекшісінің және/немесе білім беру бағдарламасының жетекшісінің тапсырмаларын орындауы; Canvas платформасында өз сабағының жобасын әзірлеуі²; студенттердің бақылау іс-шараларын тексеруі. Жұмыстардың барлық түрлері магистрант тарапынан журналда тіркеледі және оқытушылардың, практика жетекшісінің және/немесе білім беру бағдарламасының жетекшісінің қолдарымен расталады.

Практиканы қорғауға магистранттар практикадан өту туралы есепті практика журналының қосымшасымен, практика жетекшісінің сипаттамасын, сондай-ақ үлгілік сабақты ұсыну арқылы береді. Есепте педагогикалық практиканың тапсырмаларының сипаттамасы, қатысқан сабақтардың сипаттамасы және зерделенген оқыту әдістемелеріне талдау, сондай-ақ өткізілген белсенді сағаттардың сипаттамасы тиісті талдаумен бірге қамтылады. Есептің ұсынылатын көлемі – 4–6 бет, қаріпі Arial, өлшемі 14, жоларалық интервал – 1.

Есептерді қорғау Практика, мансап және жұмыспен қамту офисінің қызметкерлерінен, сондай-ақ Жоғары құқық мектебінің профессорлық-оқытушылық құрамынан тұратын комиссияда өткізіледі. Баға комиссия мүшелерінің барлық бағаларының орташа арифметикалық мәнін есептеу арқылы қойылады. Бағалар ағымдағы күндегі есептерді тыңдау аяқталғаннан кейін магистранттарға жария етіледі.

Магистранттардың педагогикалық практикасын бағалау критерийлері:

- магистрант сабақтың логикалық құрылымын түсінетінін көрсетеді – 20%
- магистрант сабақ өткізудің екі немесе одан да көп әдісін қолдана алу қабілетін көрсетеді – 30%
- магистранттың есебі логикалық тұрғыдан құрылымдалған және екі немесе одан

¹ Сабақтар оқытушының ассистенті ретінде бинарлық форматта немесе дербес түрде өткізілуі мүмкін. Педагогикалық практиканың нәтижесі магистрант әзірлеген сабақты ұсыну, сондай-ақ өткізілген сабақтар туралы есеп болып табылады.

² Курсты жобалау, материалдарды, оның ішінде презентацияларды, бақылау тапсырмаларын, бағалау критерийлерін, силлабус жобасын және өзге де материалдарды жүктеу.

да көп оқытушының оқыту әдістемесіне талдауды, сондай-ақ қатысқан сабақтарға сыни талдауды қамтиды – 20%

- магистрант есепті жазу барысында және қорғау кезінде сұрақтарға жауап беру кезінде өткізілген белсенді сағаттарға қатысты өзіндік рефлексия дағдыларын көрсетеді – 20%

- магистрант материалдарды логикалық түрде ұсынады, сөйлеу мәдениетін сақтайды және кәсіби терминологияны қолданады – 10%.

7.3. *Магистранттардың зерттеу практикасы*

Зерттеу практикасы — ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистранттардың өтуі үшін ұйымдастырылатын аудиториядан тыс жұмыс түрі. Зерттеу практикасының негізгі мақсаты магистрлік зерттеу тақырыбы бойынша жұмыс жүргізу болып табылады, оның нәтижелері зерттеуді жазуға елеулі үлес қосуы тиіс. Магистранттар зерттеу практикасын диссертациялық зерттеу тақырыбына сәйкес ұйымдарда, оның ішінде Университеттің ғылыми мектептері базасында өтеді. Зерттеу практикасын өту ұйымын Университет ұсынуы мүмкін немесе магистрант өзі таңдаған ұйымды ұсына алады. Магистрант практика күнделігін толтырады. Зерттеу практикасы кәсіпорындағы практика жетекшісімен келісілген кесте бойынша офлайн форматта, аптасына кемінде 20 сағат көлемінде өткізіледі.

Практика аяқталғаннан кейін есептерді қорғау өткізіледі. Есептің ұсынылатын көлемі – 7–10 бет, қаріпі Arial, өлшемі 14, жоларалық интервал – 1. Есепте магистранттың практика барысында орындаған жұмыс түрлері мен тапсырмаларының сипаттамасы, орындалған тапсырмалардың диссертациялық зерттеуді жазуға қосқан үлесінің сипаттамасы, практикадан өту ұйымы тарапынан тағайындалған жетекшінің сипаттамасы, сондай-ақ практика күнделігі қамтылады.

Есептерді қорғау Практика, мансап және жұмыспен қамту офисінің қызметкерлерінен, сондай-ақ Жоғары құқық мектебінің профессорлық-оқытушылық құрамынан тұратын комиссияда өткізіледі. Баға комиссия мүшелерінің барлық бағаларының орташа арифметикалық мәнін есептеу арқылы қойылады. Бағалар ағымдағы күндегі есептерді тыңдау аяқталғаннан кейін магистранттарға жария етіледі.

Магистранттардың зерттеу практикасын бағалау критерийлері:

- магистрант өзінің диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша теориялық материалдарды жоғары деңгейде зерделегенін көрсетеді – 25%;

- магистрант диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша практикалық материалдарды жеткілікті деңгейде зерделегенін көрсетеді – 25%;

- зерттеу практикасының нәтижелері жүргізіліп жатқан зерттеуге елеулі көлемде енгізілген – 25%;

- магистранттың есебі логикалық тұрғыдан құрылымдалған, практика мазмұны мен оны өту қорытындыларын қамтиды – 25%.

7.4. *Магистранттардың өндірістік практикасы*

Өндірістік практика — бейіндік бағыттағы магистранттардың өтуі үшін ұйымдастырылатын аудиториядан тыс жұмыс түрі. Өндірістік практиканың мақсаты магистрлік зерттеуге релевантты жұмысты орындау болып табылады, оның нәтижелері зерттеу тақырыбы бойынша эмпирикалық зерттеулер жүргізуге елеулі үлес қосуы тиіс. Магистранттар өндірістік практиканы диссертациялық зерттеу тақырыбына сәйкес ұйымдарда өтеді. Өндірістік практиканы өту ұйымын Университет ұсынуы мүмкін немесе магистрант өзі таңдаған ұйымды ұсына алады. Өндірістік практика кәсіпорындағы практика жетекшісімен келісілген кесте бойынша офлайн форматта, аптасына кемінде 20 сағат көлемінде өткізіледі.

Практикадан өту барысында магистрант практикадан өтетін ұйымның қызметін зерделейді, кәсіпорын тарапынан тағайындалған практика жетекшісінің

тапсырмаларын орындайды, тиісті нормативтік-құқықтық базамен танысады, сондай-ақ өзінің диссертациялық зерттеу тақырыбына немесе оған жақын тақырыптарға қатысты ұйым материалдарымен жұмыс істейді. Практика тапсырмалары тек қолданбалы, практикалық сипатта болады және зерттелетін саладағы практиканы зерделеу үшін негіз қалыптастырады, сондай-ақ магистрлік зерттеуді жазуға елеулі үлес қосуға бағытталады.

Практика аяқталғаннан кейін есептерді қорғау өткізіледі. Есептің ұсынылатын көлемі – 7–10 бет, қаріпі Arial, өлшемі 14, жоларалық интервал – 1. Есепте магистранттың практика барысында орындаған жұмыс түрлері мен тапсырмаларының сипаттамасы, орындалған тапсырмалардың диссертациялық зерттеуді жазуға қосқан үлесінің сипаттамасы, практикадан өту ұйымы тарапынан тағайындалған жетекшінің сипаттамасы, сондай-ақ практика күнделігі қамтылады.

Есептерді қорғау Практика, мансап және жұмыспен қамту офисінің қызметкерлерінен, сондай-ақ Жоғары құқық мектебінің профессорлық-оқытушылық құрамынан тұратын комиссияда өткізіледі. Баға комиссия мүшелерінің барлық бағаларының орташа арифметикалық мәнін есептеу арқылы қойылады. Бағалар ағымдағы күндегі есептерді тыңдау аяқталғаннан кейін магистранттарға жария етіледі.

Өндірістік практиканы бағалау критерийлері:

- магистрант оқу бағдарламасына байланысты практика тапсырмаларын орындау нәтижелерін ұсынады – 25%;
- магистрант орындаған тапсырмалар магистрлік жұмысты жазуға үлес қосуды қамтамасыз етеді – 25%;
- магистрант практикадан өту қорытындысы бойынша кәсіби практикалық дағдыларды меңгергенін көрсетеді – 25%;
- магистранттың есебі логикалық тұрғыдан құрылымдалған, практика мазмұны мен оны өту қорытындыларын қамтиды – 25%.

8-тарау

Магистрлік диссертацияны (жобаны) дайындауға қойылатын талаптар

Магистрлік зерттеуді даярлауға бақылау ғылыми жетекшіге жүктеледі. Диссертациямен (жобамен) жұмыс ғылыми зерттеу жоспарына қатаң сәйкес жүзеге асырылады. Диссертациямен (жобамен) жұмыс магистрант пен ғылыми жетекшінің бірлесуі арқылы жеке консультациялар шеңберінде жүзеге асырылады.

Ғылыми жетекшінің міндеттері:

- белгіленген мерзімде магистрлік диссертацияға (жобаға) тапсырманы дайындайды және береді, магистрлік диссертацияны (жобаны) орындаудың күнтізбелік жоспарын бекітуге ұсынады;;
- магистрантқа магистрлік диссертацияны (жобаны) дайындау үшін қажетті өзекті әдебиеттерді, анықтамалық және архивтік материалдарды, үлгілік жобаларды, әкімшілік және сот шешімдерін, электрондық библиографиялық ресурстарды ұсынады, сондай-ақ оларды алуға жәрдемдеседі;
- бекітілген кестеге сәйкес магистранттарға магистрлік диссертацияларды (жобаларды) дайындау бойынша апта сайын консультациялар өткізеді, жобаларды дайындау барысына тұрақты бақылау жүргізеді;
- алынған нәтижелерге жүйелі түрде мониторинг жүргізеді, қажетті ұсынымдар береді және өзгерістер мен толықтыруларды енгізу процесін бақылайды;
- магистрлік диссертацияның (жобаның) әрбір бөлімін заңсыз өзге көздерден алу (плагиат) тұрғысынан тексереді;
- магистрантқа магистрлік диссертацияны (жобаны) осы академиялық

саясаттың талаптарына сәйкес рәсімдеу, сондай-ақ жобаны қорғауға дайындау процесі бойынша консультациялық көмек көрсетеді;

- магистрлік диссертацияның (жобаның) материалдарын Canvas жүйесіне жүктейді және жүктеу алдында әрбір материал бойынша өз бағасын қалыптастырады. Пікірлер болмаған жағдайда жұмыс одан әрі тексеруге және бағалауға жіберілмейді;

- белгіленген мерзімдерде таңдалған тақырыптың өзектілігі мен жаңалығын, алынған нәтижелердің түпнұсқалығын, сенімділігін және негізділігін көрсететін уәжді, кеңейтілген пікірді магистрлік диссертацияға (жобаға) береді. Бітіру жұмысына берілетін пікір шеңберінде ғылыми жетекші мынадай екі нұсқаның бірін ұсынады: 1) жария қорғауға жіберу; 2) жария қорғауға жібермеу;

- МАК отырысында магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғауға қатысады.

Ғылыми жетекші тарапынан жүйелі кемшіліктер анықталған жағдайда Ғылым комитетінің шешімі негізінде магистрлік диссертациялар мен жобаларға жетекшілік етуден уақытша немесе тұрақты түрде шеттетілуі мүмкін.

Диссертация дербестік, ішкі біртұтастық, ғылыми жаңалық (ғылыми-педагогикалық бағыт үшін), дәйектілік, практикалық құндылық және академиялық адалдық қағидаттарын сақтай отырып орындалады.

Дербестік қағидаты диссертацияның автордың өзі тарапынан жеке жазылуын және автордың ғылымға қосқан жеке үлесін айғақтауын білдіреді.

Ішкі біртұтастық қағидаты диссертацияның тұтас құрылымға ие болуын, оның барлық бөлімдері мен ережелерінің логикалық тұрғыдан өзара байланыстылығын білдіреді; алынған нәтижелер мен ұсынымдар диссертацияда қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес келуі тиіс.

Ғылыми жаңалық қағидаты диссертациядағы ғылыми нәтижелердің, тұжырымдардың, ұсынымдар мен қорытындылардың жаңа болуын білдіреді және диссертацияда жаңа ғылыми негізделген теориялық және (немесе) эксперименттік нәтижелер қамтылуы тиіс, олардың жиынтығы жаңа ғылыми жетістік ретінде бағаланады немесе белгілі бір ғылыми бағыттардың дамуы үшін маңызды мәнге ие болады.

Дәйектілік қағидаты диссертациялық жұмыстың нәтижелері заманауи ғылыми зерттеу әдістерін пайдалану арқылы алынғанын білдіреді.

Диссертацияның практикалық құндылығы қағидаты қолданбалы мәні бар диссертацияларда автор алған ғылыми нәтижелерді практикалық қолдану туралы мәліметтердің келтірілуін, ал теориялық мәні бар диссертацияларда ғылыми қорытындыларды пайдалану жөніндегі ұсынымдардың берілуін білдіреді.

Магистрлік диссертацияны (жобаны) дайындау кезінде білім алушылар академиялық адалдық қағидаттарын сақтауға міндетті. Білім алушылар осы Академиялық саясаттың талаптарын, сондай-ақ Академиялық адалдықты қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулықты бұзғаны және магистрлік зерттеу процесінде жол берілген плагиат фактілері үшін жауапты болады. Магистрлік диссертацияны (жобаны) немесе зерттеудің жекелеген кезеңін дербес орындауды тексеру тек (айрықша түрде) ғылыми жетекші тарапынан StrikePlagiarism жүйесін пайдалана отырып жүргізіледі. Магистрлік диссертацияны (жобаны) заңсыз өзге көздерден алуларға тексеру нәтижелері бойынша ғылыми жетекші ресми есепті қалыптастырады. Мәтіннің түпнұсқалық деңгейі мен дәйексөздердің көлемін диссертацияның (жобаның) ғылыми жетекшісі айқындайды. Магистрлік диссертацияда (жобада) плагиаттың анықталуы магистрантты диссертацияны (жобаны) қорғауға жібермеу үшін негіз болып табылады.

Академиялық адалдық қағидаты диссертация авторының өзге авторлардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтауын және төмендегілердің болмауын білдіреді:

- өзге авторлардың мәтіндерін, идеяларын, гипотезаларын, қорытындыларын, әдістерін, зерттеу нәтижелерін, графиктерін, кодтарын, суреттерін немесе еңбектерін

авторға және дереккөзге сілтеме жасамай пайдалану және (немесе) иемдену, сондай-ақ мағынасы өзгермей, сөздер мен тіркестерді синонимдермен алмастыру арқылы, оның ішінде басқа тілден аударылған мәтінді пайдалану (плагиат);

- өз материалдарын, нақты және сандық деректерді өзіне және (немесе) өз дәйексөздерінің дереккөзіне сілтеме жасамай пайдалану фактілері (автоплагиат);

- болмаған дереккөздерге сілтеме жасау, дәйексіз деректерді және (немесе) нәтижелерді, жазбаларды немесе олар туралы хабарламаларды ұсыну (фабрикация);

- зерттеу материалдарымен, жабдықтармен, бейнелермен, иллюстрациялармен немесе процестермен манипуляция жасау салдарынан диссертациядағы зерттеу материалдарының бұрмалануы (фальсификация).

Нормативтік құқықтық актілер мен ресми құжаттардың атауларының, мемлекеттік және өзге де ресми органдар мен ұйымдардың атауларының, тиісті ғылым саласы үшін жалпыға бірдей қабылданған терминдердің, анықтамалар мен ұғымдардың, нормативтік құқықтық актілер мәтіндерінің, зерттеліп отырған шығармалар мәтіндерінің сәйкес келуі, егер оларды пайдалану көлемі мен сипаты орындалған диссертацияның дербестігіне күмән келтірмесе, плагиат болып табылмайды. Плагиатты анықтау мүмкіндігін азайту немесе болдырмау мақсатында техникалық құралдар мен тәсілдерді қолдануға жол берілмейді.

Диссертация анкеталау, сауалнама жүргізу және эмпирикалық зерттеулердің өзге де түрлерінің нәтижелерін қамтуы мүмкін. Егер диссертация авторы сауалнама немесе анкеталау жүргізуді жоспарласа, ол ғылыми жетекшімен алдын ала келісілген зерттеу форматын және сұрақтар тізбесін Жоғары құқық мектебінің Ғылым комитетіне жолдауға міндетті. Комитеттің бекітуі осындай зерттеуді жүргізудің міндетті шарты болып табылады.

Магистрлік диссертация (жоба) төмендегі бөліктерден тұрады:

- түсіндірме жазба;
- мұқаба (1-қосымша);
- титулдық парақ (2-қосымша);
- күнтізбелік жоспар (3-қосымша);
- мазмұны (4-қосымша);
- кіріспе;
- негізгі бөлім;
- қорытынды;
- библиография;
- қосымшалар.

Түсіндірме жазба магистрлік жобалаудың мақсаты мен міндеттерін түсіндіреді; проблеманың жаңалығын, маңыздылығын және мазмұнын айқындайды әрі ашады; зерттеу әдістерінің қолданылуын түсіндіреді; магистрлік диссертацияны (жобаны) аяқтау нәтижесінде алынған негізгі нәтижелерді көрсетеді; Ғылыми мектептің Research Report-ына енгізілген зерттеу мәтінінің үлесі мен көлемін айқындайды. Түсіндірме жазба А4 форматындағы (210x297 мм) жеке құжат болып табылады. Түсіндірме жазбаның көлемі 700 сөзден аспауға тиіс.

Мұқаба мен титулдық парақта 1 және 2-қосымшаларда көрсетілген ақпарат қамтылады. Дайындаудың күнтізбелік жоспары 3-қосымшада көрсетілген ақпаратты қамтиды.

Мазмұны магистрлік диссертацияның (жобаның) бөлімдерінің (тараулардың),

бөлімшелерінің (тараушалардың) және тармақтарының атауларын, олардың орналасқан беттерін дәл көрсете отырып қамтуы тиіс. Сондай-ақ әрбір бөлімше жеке қорытындылармен аяқталуы, ал бөлімнің (тараудың) соңында тарау бойынша жалпы қорытынды көрсетілуі қажет. Егер магистрлік диссертацияда (жобада) сирек қолданылатын қысқартулар, жаңа белгілер, таңбалар және т.б. пайдаланылса, олардың тізбесі жоба құрамында жеке тізім түрінде берілуі мүмкін. Мұндай тізім баған түрінде рәсімделеді, онда сол жақта (алфавиттік тәртіппен) қысқарту, оң жақта — оның толық ашып көрсетілген түсіндірмесі келтіріледі.

Магистрлік диссертацияның (жобаның) кіріспесі **тақырыптың өзектілігін, зерттеудің мақсаты мен міндеттерін ашады; әдебиеттерге және зерттеудің эмпирикалық базасына шолуды қамтиды; нақты нәтижелерге қол жеткізу тұрғысынан зерттеу әдістерінің қолданылуын түсіндіреді; теориялық (магистрлік диссертация үшін) және практикалық маңыздылығын**, сондай-ақ Ғылыми мектептің Research Report-ына енгізілген зерттеу мәтінінің үлесі мен көлемін көрсетеді; ғылыми жаңалығын **(магистрлік диссертация үшін)** ашады және қорғауға шығарылатын ережелерді қамтиды.

Магистрлік диссертацияның (жобаның) негізгі бөлімінде, ол әртүрлі бөлімдер санын қамтуы мүмкін, зерттелетін мәселенің қысқаша тарихы баяндалады; автор жүргізген сұхбаттар, бақылаулар, эксперименттер, есептеулер, алынған нәтижелер мен қолданылған әдістер сипатталады; жиналған нақты материал мен әдебиеттерге талдау жасалады; таңдалған мәселені шешу бойынша нақты қорытындылар мен ұсынымдар тұжырымдалады. Негізгі бөлімде кестелер, графиктер, сызбалар қамтылуы мүмкін.

Қорытындыда магистрлік зерттеу нәтижесінде қол жеткізілген теориялық және практикалық сипаттағы негізгі тұжырымдар көрсетіледі; диссертацияны (жобаны) дайындауға негіз болған мәселені шешу бойынша нақты ұсынымдар беріледі.

Библиографияда магистрлік диссертацияны (жобаны) дайындау процесінде автор пайдаланған дереккөздердің тізбесі келтіріледі, олар мәтінде тікелей дәйексөз ретінде пайдаланылмаса да. Библиография 5-қосымшаға сәйкес рәсімделеді.

Магистрлік диссертация электрондық форматта А4 стандартты парақтарда орындалады. Негізгі мәтін Arial қарпімен, өлшемі 14, жоларалық интервал — бір; сілтемелер сол қаріппен, өлшемі 10, қаріп түсі — қара болып рәсімделеді. Алдын ала қорғау рәсімінен өткеннен кейін магистрлік диссертация басып шығару үшін типографияға жіберіледі. Басып шығару кезінде магистрант баспа форматының А4 екендігін көрсетуге міндетті.

Магистрлік диссертация электрондық құжат түрінде Microsoft Word форматында, .doc немесе .docx кеңейтімімен ұсынылады. Өзге форматта ұсынылған диссертация қорғауға жіберілмейді.

Диссертация мәтіні төмендегі өріс өлшемдерін сақтай отырып басылуы тиіс: оң жағы — 20 мм, жоғарғысы — 20 мм, сол жағы — 30 мм, төменгісі — 20 мм.

Белгілі бір терминдерге, формулаларға, теоремаларға назар аудару мақсатында әртүрлі қаріп гарнитураларын қолдана отырып, компьютерлік мүмкіндіктерді пайдалануға жол беріледі. Диссертацияны орындау барысында бүкіл мәтін бойынша бейненің біркелкі тығыздығын, контрастылығын және анықтығын сақтау қажет. Диссертацияда сызықтар, әріптер, сандар мен белгілер анық, бұлдырланбаған болуы тиіс.

Диссертация мәтініндегі сноскаларды дайындау Arial қарпімен, өлшемі 10, жоларалық интервал — бір, қаріп түсі — қара түспен жүзеге асырылады. Сноскалар Oxford University Standard for the Citation of Legal Authorities (OSCOLA), 4th edition талаптарына сәйкес тұтас нөмірленген төменгі жолдық сілтемелер түрінде рәсімделеді.

9-тарау

Жарияланымды дайындауға қойылатын талаптар

Ғылыми-педагогикалық және бейіндік бағыттағы магистранттар диссертация тақырыбы бойынша кемінде бір жарияланымды дайындауға міндетті. Жарияланым диссертация нәтижелерін апробациялайтын, мақала нысанында жарияланған ғылыми-зерттеу жұмысын білдіреді.

Бейіндік бағыттағы магистранттың мақаласының мәтін көлемі авторлар туралы мәліметтерді, абстрактін (аңдатпаны), түйін сөздерді, пайдаланылған дереккөздер тізімін, сілтемелерді (дәйексөздерді) және қосымшаларды қоспағанда, кемінде 2000 сөзді құрауы тиіс.

Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистранттың мақаласының мәтін көлемі авторлар туралы мәліметтерді, абстрактін (аңдатпаны), түйін сөздерді, пайдаланылған дереккөздер тізімін, сілтемелерді (дәйексөздерді) және қосымшаларды қоспағанда, кемінде 3000 сөзді құрауы тиіс.

Мақала рецензияланатын ғылыми журналдарда, MNU Annual Legal Conference ғылыми-практикалық конференциялар сериясының жинақтарында, сондай-ақ ғылыми зерттеулер этикасын сақтайтын құқық саласындағы ақпараттық жүйелерде (интернет-басылымдарда) жариялануы мүмкін. MNU Annual Legal Conference аясынан тыс сыртқы ғылыми-практикалық конференцияда жарияланған жағдайда, жарияланым туралы анықтаманы және ғылыми жұмыстың мәтінін ЖҚМ Ғылым комитетіне ұсыну қажет. Мақаланы жариялағанға дейін магистрант ғылыми жетекшіден және зерттеу тақырыбы саласындағы маманнан алынған рецензияларды ұсынуға міндетті. Рецензиялар диссертацияны (жобаны) ресми алдын ала қорғау рәсімінен өту барысында ЖҚМ Ғылым комитетіне ұсынылады. Екі рецензия болмаған жағдайда жарияланған мақала қабылданбайды және бағаланбайды.

Магистранттардың жарияланымдары жарияланар алдында заңсыз өзге көздерден алынған материалдардың болуына ғылыми жетекші тарапынан тексеріледі.

10-тарау

Draft Research және диссертацияны (жобаны) алдын ала қорғау

ЖҚМ білім беру бағдарламаларының магистранттары комиссияға: 1) таңдалған тақырыптың өзектілігін; 2) таңдалған тақырыпты түсіну деңгейін; 3) зерттеу тақырыбы бойынша орындалған жұмысты көрсету мақсатында Research Proposal, Draft Research бағаланатын қорғау рәсімдерінен, сондай-ақ диссертацияны (жобаны) ресми алдын ала қорғау рәсімінен өтеді. Ресми алдын ала қорғау Жоғары құқық мектебінің Ғылым комитеті тарапынан магистрантты жария қорғауға жіберу немесе жібермеу туралы шешім қабылдау мақсатында өткізіледі.

10.1. Research Proposal және Draft Research

Бағаланатын Research Proposal және Draft Research Жоғары құқық мектебінің профессорлық-оқытушылық құрамынан тұратын комиссияда өткізіледі. Комиссия құрамында диссертацияны (жобаны) даярлау бағыты бойынша кемінде бір маманның болуы міндетті. Research Proposal және Draft Research бойынша қойылатын баға емтихандық бағаға теңестіріледі. F бағасы алынған жағдайда магистрант белгіленген қайта тапсыру тәртібіне сәйкес аталған жұмыс түрін қайта тапсыруға құқылы.

Бағаланатын Research Proposal және Draft Research түрлері:

1. Research Proposal. Research Proposal зерттелетін тақырыптың өзектілігін, сондай-ақ практикалық және ғылыми проблемалардың бар екенін көрсететін

академиялық жұмыс болып табылады. Research Proposal 9-қосымшада белгіленген талаптарға сәйкес дайындалады және комиссия алдында ауызша қорғалады.

2. *Draft Research I: MFЗЖ-ның орындалуы туралы есеп.* Осы рәсім шеңберінде магистрант диссертацияның (жобаның) аяқталған бірінші бөлімін комиссия алдында ұсынады және ауызша қорғайды. Комиссия құрамында диссертацияны (жобаны) даярлау бағыты бойынша кемінде бір маманның болуы міндетті. Қорғауға ұсынылатын құжат 10-қосымшада белгіленген талаптарға сәйкес дайындалады.

3. *Draft Research II: MFЗЖ-ның орындалуы туралы есеп.* Осы рәсім шеңберінде магистрант диссертацияның екі аяқталған бөлімін комиссия алдында ұсынады және ауызша қорғайды. Комиссия құрамында диссертацияны (жобаны) даярлау бағыты бойынша кемінде бір маманның болуы міндетті. Қорғауға ұсынылатын құжат 11-қосымшада белгіленген талаптарға сәйкес дайындалады.

Апелляция. Жоғарыда көрсетілген іс-шаралардың кез келгені шеңберінде қойылған бағаға қатысты апелляция берілген жағдайда, апелляциялық комиссияның құрамы Жоғары құқық мектебі деканының офисімен бірлесіп, Ғылым комитеті тарапынан қалыптастырылады.

10.2. Ресми алдына ала қорғау

Ресми алдын ала қорғау ЖҚМ Ғылым комитетінде магистрантты жария қорғауға жіберу немесе жібермеу туралы шешім қабылдау мақсатында өткізіледі. GPA көрсеткіші 2.0-ден төмен және академиялық берешегі бар магистрант ресми алдын ала қорғау рәсімінен өте алмайды.

Диссертация (жоба) ресми алдын ала қорғау рәсімі басталғанға дейін кемінде 10 жұмыс күні бұрын Жоғары құқық мектебі Ғылым комитетінің хатшысына жіберілуі тиіс.

Диссертацияны/жобаны жария қорғауға жіберу критерийлері:

- 1) диссертация/жоба дербес орындалған, аяқталған күйде және 8-тарауда белгіленген талаптарға сәйкес келеді;
- 2) қорытындылар мен ұсынымдар дәлелді, автор қорғауға шығарылатын нақты ережелерді ұсынған;
- 3) ғылыми жетекші пікірінде жария қорғауға жіберу туралы өтініш білдіреді;
- 4) диссертация (жоба) мен жарияланым ғылыми жетекші тарапынан заңсыз өзге көздерден алынған материалдардың бар-жоғына тексерілген;
- 5) жарияланым 9-тарауда белгіленген талаптарға сәйкес келеді.

Магистрлік жұмыс алдағы комиссия отырысының мерзіміне дейін кемінде бір апта бұрын Canvas жүйесіне жүктеледі. Диссертацияны (жобаны) Canvas жүйесіне жүктеу тек ғылыми жетекші арқылы жүзеге асырылады. Комиссия құрамында диссертацияны (жобаны) даярлау бағыты бойынша кемінде бір маманның болуы міндетті.

Жоғарыда көрсетілген мерзімде диссертацияны (жобаны) ресми алдын ала қорғауға ұсыну талаптары сақталмаған жағдайда, жұмыс қараудан алынады. Сондай-ақ ғылыми жетекші «диссертация (жоба) қорғауға жіберілмейді» деген қорытындысы бар теріс пікір ұсынған жағдайда, жұмыс қорғауға жіберілмейді.

Магистрант ресми алдын ала қорғауға дәлелді себепсіз келмеген жағдайда өзге комиссияда ресми алдын ала қорғаудан өте алмайды.

Алдын ала қорғау рәсімінен сәтті өткен диссертациялар (жобалар) ғылыми жетекшілер тарапынан МАК жұмысы басталғанға дейін кемінде үш апта бұрын хатшыға жолданады.

Ресми алдын ала қорғау рәсімін өткізу барысында магистрлік диссертацияны (жобаны) міндетті аудио-бейне тіркеу жүзеге асырылады.

Апелляция. Ресми алдын ала қорғау шеңберінде қойылған бағаға қатысты Ғылым комитетіне апелляция берілген жағдайда, апелляциялық комиссияның құрамы

ЖҚМ деканының офисімен бірлесіп, Ғылым комитеті тарапынан қалыптастырылады.

11-тарау **Диссертацияны (жобаны) жария қорғау**

Диссертацияның (жобаның) нәтижелерін бағалау Мемлекеттік аттестаттау комиссиясы (МАК) тарапынан жүзеге асырылады. МАК құрамы білім беру бағдарламасының бейініне және қорғауға ұсынылатын диссертациялардың (жобалардың) тақырыптамасына қарай қалыптастырылады. МАК құрамында диссертацияны (жобаны) даярлау бағыты бойынша кемінде екі маманның болуы міндетті.

Диссертацияларды (жобаларды) бағалау жөніндегі МАК қызметі екі бөліктен тұрады: 1) диссертацияны (жобаны) бағалау; 2) бітіру жұмысының ауызша қорғауын бағалау. Диссертацияны (жобаны) бағалау диссертацияның (жобаның) өзі мен ауызша баяндаманы қамтиды және жиынтығында **100%** құрайды. Салмақтық коэффициенттер мынадай түрде бөлінеді: бітіру жұмысын даярлау – **60%**, ауызша баяндама – **40%**.

Ғылыми жетекші «қорғауға жіберілмейді» деген теріс қорытынды берген жағдайда, диссертация (жоба) бағалауға және қорғауға жіберілмейді. Ғылыми жетекшінің «қорғауға жібермеу» туралы шешімімен келіспеген магистрант Ғылым комитетіне жазбаша түрде жүгінуге құқылы. Ғылым комитеті магистранттың өтініші бойынша уәжді қорытынды береді.

Магистрлік диссертацияны (жобаны) жария қорғау мынадай шарттар болған жағдайда жүзеге асырылады:

- ғылыми жетекшінің оң пікірі болған кезде (6-қосымша);
- 9-тарауда белгіленген талаптарға сәйкес келетін кемінде бір жарияланым болған кезде;
- магистрантты диссертацияны (жобаны) жария қорғауға жіберу туралы Ғылым комитетінің шешімі болған кезде;
- қорғалатын жұмыстың бейініне сәйкес біліктілігі (ғылыми немесе академиялық дәрежесі) бар бір сыртқы рецензия болған кезде диссертацияға (жобаға) жан-жақты сипаттама беріліп, тиісті мамандық бойынша магистр академиялық дәрежесін беру мүмкіндігі туралы уәжді қорытынды жасалады (7-қосымша). Рецензенттердің тізімі білім беру бағдарламасының жетекшісінің ұсынуы бойынша Жоғары құқық мектебі тарапынан бекітіледі.

Магистрант сондай-ақ диссертацияның (жобаның) бір данасын кітапханалық «Электрондық каталог» жүйесіне жүктеу үшін электрондық тасымалдағышта ұсынады.

Магистрлік диссертацияны (жобаны) жария қорғау МАК отырысында жүзеге асырылады.

Магистрлік диссертацияны (жобаны) ресми қорғау рәсімін өткізу барысында міндетті аудио-бейне тіркеу жүргізіледі.

Магистрлік диссертацияларды (жобаларды) қорғаудың ауызша бөлігі аяқталғаннан кейін МАК өз жұмысын жабық режимде жалғастырады. Жабық отырыс барысында МАК мүшелері әрбір магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау нәтижелерін бағалайды. Құрамына МАК мүшесі ретінде кіретін диссертацияның (жобаның) ғылыми жетекшісі жұмысты бағалаудан шеттетіледі. Мұндай жағдайда бітіру жұмысын бағалау үшін қосымша МАК мүшесі тартылады және/немесе МАК мүшелерінің жалпы бағасы коэффициентке көбейтіледі.

МАК мүшелері бітіру жұмысын бағалау кезінде 12-қосымшада көрсетілген сапа индикаторларын басшылыққа алуы ұсынылады.

Тексеруші мүшелер және МАК Төрағасы әрбір магистрант бойынша 100% шегінде жеке бағалар қояды. Қорытынды баға мына бағалардың орташа мәні ретінде қалыптастырылады: 1) бітіру жұмысын даярлау үшін (60%) и 2) бітіру жұмысын ауызша

қорғау үшін (40%).

Диссертация (жоба) бойынша қорытынды баға МАК тексеруші мүшелері мен МАК Төрағасының қойған бағаларының орташа арифметикалық мәні негізінде қалыптастырылады. МАК мүшелерінің бағалары жеке хаттамаларда тіркеледі.

Қорғау сәтті өткен жағдайда МАК тиісті мамандық бойынша магистр академиялық дәрежесін беру туралы шешім қабылдайды.

Диссертация (жоба) бойынша бағалар жарияланған кезде МАК мүшелерінің бірі қойылған бағалардың себептерін кеңейтілген түрде түсіндіреді.

Магистрант бағаны қайта қарау туралы өтінішпен жүгінген жағдайда, комиссия құрылады, бірінші комиссияның есебі, маманның және ғылыми жетекшінің пікірлері сұратылады. Қайта құрылған комиссия құрамында диссертация тақырыбы бойынша мамандар болуы тиіс.

● Диссертацияны (жобаны) қорғау бойынша МАК-тың қорытынды бағасы бітіру жұмысын даярлау (60%) және бітіру жұмысын ауызша қорғау (40%) бағаларынан қалыптастырылады.

● Алдын ала қорғау рәсімінен сәтті өткен диссертациялар (жобалар) МАК жұмысы басталғанға дейін кемінде үш апта бұрын бағалау үшін ғылыми жетекшілер тарапынан хатшыға жіберіледі. МАК мүшелері бітіру жұмысын бағалау кезінде 12-қосымшада көрсетілген сапа индикаторларын басшылыққа алуы ұсынылады.

● Тексеруші мүшелер мен МАК Төрағасы әрбір магистрант бойынша 100% шегінде жеке бағалар қояды. Диссертация (жоба) бойынша баға тексеруші мүшелер мен МАК Төрағасының бағаларының орташа арифметикалық мәні ретінде қалыптастырылады. МАК мүшелерінің бағалары жеке хаттамаларда тіркеледі.

● Магистрант бағалау нәтижелерін түсіндіруді сұраған жағдайда, комиссия қойылған баға бойынша кеңейтілген түсіндірме беруге міндетті.

Магистрлік диссертацияны (жобаны) жария қорғау МАК отырысында жүзеге асырылады.

Жария қорғау барысында магистрлік диссертацияның (жобаның) авторы 10 минут ішінде жүргізілген зерттеудің мақсатын, міндеттерін, өзектілігін, жаңалығын және негізгі нәтижелерін баяндайды, әдіснаманы және алынған нәтижелерді практикада қолданудың қажеттілігін түсіндіреді. МАК отырысында ғылыми жетекшінің пікірі тікелей жария етіледі, ал рецензияны рецензенттің өзі немесе Комиссия хатшысы жариялайды. Магистрлік диссертацияны (жобаны) жария қорғау процесінде қатысушылар сұрақтар қоя алады, ал автор компьютерлік презентацияларды, сызбаларды, кестелерді, графикалық бейнелерді және статистикалық ақпаратты пайдалана отырып түсіндірмелер беруге құқылы. МАК хатшысы сыртқы рецензенттің рецензиясын жариялайды. Магистрантқа рецензиядағы негізгі ескертулерге пікір білдіру мүмкіндігі беріледі.

Магистрант сондай-ақ диссертацияның (жобаның) бір данасын кітапханалық «Электрондық каталог» жүйесіне жүктеу үшін электрондық тасымалдағышта ұсынады. Магистрлік диссертацияны (жобаны) сәтті қорғау туралы шешім МАК отырысының хаттамасымен ресімделеді. Магистрлік диссертацияларды (жобаларды) қорғау аяқталғаннан кейін МАК өз жұмысын отырыстың жабық бөлігінде жалғастырады. Жабық отырыс барысында МАК мүшелері әрбір магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау нәтижелерін бағалайды және тиісті мамандық бойынша магистр академиялық дәрежесін беру туралы шешім қабылдайды. Магистрлік диссертацияны (жобаны) орындау және қорғау үшін қойылатын баға МАК Төрағасы мен МАК-тың әрбір мүшесінің бағаларының орташа арифметикалық мәні ретінде айқындалады.

МАК мүшелері бағалау барысында 13-қосымшада көрсетілген сапа индикаторларын басшылыққа алуы ұсынылады.

Апелляция. Жария қорғау шеңберінде қойылған бағаға қатысты Ғылым комитетіне апелляция берілген жағдайда, апелляциялық комиссияның құрамы ЖҚМ деканының офисімен бірлесіп, Ғылым комитеті тарапынан қалыптастырылады.

12-тарау

Магистрлік диссертацияда жасанды интеллектіні пайдалану қағидалары

Магистрлік диссертацияны (жобаны) дайындау барысында жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын пайдалануға жол беріледі, алайда мұндай пайдалану тек дербестік, академиялық адалдық, дәйектілік және этикалық қағидалар шеңберінде ғана мүмкін болады. ЖИ автордың интеллектуалдық үлесін алмастырмайтын, зерттеудің жекелеген кезеңдерінің тиімділігін арттыра алатын көмекші құрал ретінде ғана қарастырылады. ЖИ қолдану ғылыми жетекшімен алдын ала келісілген жағдайда ғана жүзеге асырылады.

ЖИ-ді қолдану материалдарды алдын ала даярлау кезеңінде, оның ішінде деректерді жинау, санаттау және бастапқы өңдеу кезінде рұқсат етіледі. Сондай-ақ ЖИ технологиялары статистикалық өңдеу, модельдеу немесе талдамалық құралдарды күшейту мақсатында пайдаланылуы мүмкін, бұл ретте тұжырымдамалық ережелерді, интерпретацияларды және ғылыми қорытындыларды автордың өзі дербес түрде қалыптастыруы міндетті. Мәтінді жазу кезеңінде ЖИ-ді оқылымдылықты, стилистиканы және тілдік рәсімдеуді жақсарту үшін пайдалануға жол беріледі, алайда мазмұндық фрагменттерді жасау, гипотезаларды, қорытындыларды немесе негіздемелерді тұжырымдау үшін пайдалануға жол берілмейді.

ЖИ пайдалану академиялық адалдық қағидатын толық сақтауды талап етеді. Автор ЖИ қолдану фактілері туралы ашық әрі айқын түрде хабарлауға міндетті. Магистрлік диссертацияда пайдаланылған құралдың атауы, өндірушісі, нұсқасы және қолданылған күні, сондай-ақ ЖИ қандай кезеңдерде және қандай тәсілмен пайдаланылғаны көрсетілуі тиіс. Автор сондай-ақ ЖИ қолдану арқылы алынған немесе өңделген деректердің дұрыстығын тексеру әдістерін түсіндіруге міндетті. Мұндай мәліметтердің болмауы жұмыста ЖИ пайдаланылмағанын растау ретінде қарастырылады.

ЖИ-ді ғылыми тұжырымдарды, бастапқы нәтижелерді, авторлық қорытындыларды немесе магистранттың дербес ғылыми жұмысының нәтижесі болуы тиіс өзге де интеллектуалдық өнімдерді генерациялау үшін пайдалануға жол берілмейді. Плагиатты жасыру, алынған мәтіндердің синтаксистік құрылымын өзгерту, деректерді фабрикациялау немесе фальсификациялау мақсатында, сондай-ақ қолжетімділігі шектеулі мәліметтерді немесе құпиялылық белгісі бар ақпаратты қамтитын жұмыстарда ЖИ қолдануға тыйым салынады. Жеке деректермен жұмыс істеу кезінде, әсіресе 13 жасқа толмаған балаларға қатысты зерттеу жобаларында, ерекше шектеулер қолданылады.

Автор ұсынылған ақпараттың дұрыстығы мен толықтығы үшін, сондай-ақ процесс қатысушыларының белгіленген нормаларды сақтауына жауапты болады. Автор барлық нәтижелердің дәйектілігін, негізділігін және тексерілу мүмкіндігін қамтамасыз етуге, ЖИ-мен жұмыс істеудің ашық әдіснамасын ұсынуға, сондай-ақ үшінші тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына жол бермеуге міндетті.

Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі
MAQSUT NARIKBAYEV UNIVERSITY

АДАМЫШИНА ДАНАГУЛЬ АЙТМАГАНБЕТОВНА

**Қазақстан Республикасының тау-кен өндіру саласындағы жер
қойнауын пайдалану құқығын беруінің құқықтық режимі**

7M04201 білім беру бағдарламасы - «Құқықтану»

**Заң ғылымдарының магистрі академиялық дәрежесін алу
үшін ұсынылатын диссертация**

Астана, 2024

Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі
MAQSUT NARIKBAYEV UNIVERSITY

«Қорғауға жіберілді»
Бағдарлама жетекшісі/үйлестірушісі

«__» _____ 20__ ж.

МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ (ЖОБА)

**Тақырыбы: «Қазақстан Республикасының тау-кен өндіру саласындағы
жер қойнауын пайдалану құқығын беруінің құқықтық режимі»**

7M04201 білім беру бағдарламасы - «Құқықтану»

Орындаған

Д.А. Адамышина

Ғылыми жетекші

з.ғ.к. А.А. Абдуманова

Астана, 2022

«__» _____ 20__ж.

Магистрлік диссертацияны (жобаны) дайындаудың күнтізбелік жоспары

Жоба кезеңдерінің атауы	Мерзімі	Жоба кезеңдерінің орындалуы туралы белгісі			
		Нақты орындалу мерзімі	Жобаның орындалған кезеңінің дайындық деңгейі	Магистранттың (магистранттардың) қолы	Ғылыми жетекшінің (ғылыми жетекшілердің) қолы
Әдебиеттер мен практикалық материалдарға шолу жүргізу					
Әдіснаманы әзірлеу					
Деректерді жинау және өңдеу					
Алынған нәтижелерді талдау және интерпретациялау					
Жоба бойынша ұсынымдарды әзірлеу					
Кіріспе мен қорытындыны дайындау					
Диссертацияны (жобаны) рәсімдеу: Жобаның I бөлімін дайындау					
Жобаның II бөлімін дайындау					
Жобаның III бөлімін дайындау					

Ғылыми жетекшінің (ғылыми жетекшілердің) пікірін алу					
--	--	--	--	--	--

Баяндаманы, көрнекі құралдарды және презентацияны дайындау					
--	--	--	--	--	--

Магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау					
--	--	--	--	--	--

Магистрлік диссертацияның (жобаның) ғылыми жетекшісі

(Аты-жөні, лауазымы және

қолы)

Жоспар орындалуға қабылданды:

(Магистранттың аты-жөні және қолы)

МАЗМҰНЫ

Қысқартулар тізімі	4
Кіріспе	5
1-БӨЛІМ. Мемлекеттік қызметтердің әкімшілік-құқықтық табиғаты	13
1.1. Әкімшілік құқық жүйесіндегі мемлекеттік қызметтер институты	13
1.1.1. Құқық жүйесін қалыптастыру	13
1.1.2. Құқықтағы жеке және жария салаларды ажырату	15
1.1.3. Әкімшілік құқықтың ішкі құрылымы	16
1.1.4. Әкімшілік құқық жүйесіндегі мемлекеттік қызметтер институтының орны	18
1.1.5. Қорытынды	20
1.2. Мемлекеттік қызметтер жүйесі және оларды көрсететін субъектілер	21
1.2.1. Қолданылатын ұғымдардың арақатынасы	22
1.2.2. Мемлекеттік қызметтерді жіктеу	28
1.2.3. Мемлекеттік қызметтер көрсетуге уәкілетті субъектілер жүйесі	29
1.2.4. Шешімі	32
1.3. Мемлекеттік қызметтер институтын құқықтық реттеудің қазіргі жай-күйі мен проблемалары	32
1.3.1. Терминологиялық аппараттың дәл еместігі	34
1.3.2. «Бір терезе» қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетудің жетілмегендігі	36
1.3.3. Ақпаратқа қол жеткізу құқығын іске асыруды шектеу	36
1.3.4. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын субъективті бағалау	37
1.3.5. Кәсіби біліктіліктің төмен деңгейі және жауапкершіліктің шектелуі	41
1.3.6. Шешімі	43
2-БӨЛІМ. Мемлекеттік қызметтер көрсету рәсімдері	45
2.1. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша әкімшілік рәсімді қозғау	45
2.1.1. Әкімшілік рәсімнің ұғымы және оның мемлекеттік қызметтер көрсету рәсімімен арақатынасы	45
2.1.2. Терминологиялық аппараттың проблемалары	46
2.1.3. Әкімшілік рәсімді қозғау ұғымы	48
2.1.4. Әкімшілік рәсімді қозғау қағидаттарын сақтау	50
2.1.5. Шешімі	53
2.2. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша әкімшілік істі қарау және шешу	53
2.2.1. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша әкімшілік рәсімге қатысушылар	53
2.2.2. Әкімшілік органның белсенді рөлі қағидатын іске асыру	55
2.2.3. Әкімшілік істі зерттеу	56
2.2.4. Әкімшілік рәсімге қатысу құқығы	57

2.2.5. Мемлекеттік қызметтер көрсетуге қатысты әкімшілік рәсімнің нәтижесі бойынша қабылданатын қорытынды шешім ретіндегі әкімшілік акт	60
2.2.6. Әкімшілік актілерді жіктеу	61
2.2.7. Шешімі	64
2.3. Әкімшілік әділет мүмкіндіктерін пайдалану арқылы мемлекеттік қызмет көрсету рәсімінің заңдылығын қамтамасыз ету	64
2.3.1. Мемлекеттік қызметтер көрсету саласынан туындайтын даулар бойынша соттардың юрисдикциясы	66
2.3.2. Әкімшілік процесте жауапкерді және мүдделі тұлғаларды айқындау	68
2.3.3. Соттық бақылау нысанын шектеу	71
2.3.4. Шешімі	73
Қорытынды	74
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	80
Библиография	99

БИБЛИОГРАФИЯ (BIBLIOGRAPHY)

Бастапқы қайнар көздер (Первичные источники, Primary sources)

Халықаралық шарттар (Международные договоры, Treaties)

1. Consolidated versions of the Treaty on European Union and the Treaty on the Functioning of the European Union (TFEU) [2016] OJ C202/1

Заңнама (Законодательство, Legislation)

1. Council Regulation (EC) No 1/2003 of 16 December 2002 On the Implementation of the Rules on Competition Laid Down in Articles 81 and 82 of the Treaty (Text with EEA relevance) [2003] Official Journal L 001, 04/01/2003 P. 0001 – 0025
2. European Parliament and Council Regulation 2017/1128 of the of 14 June 2017 On Cross-Border Portability of Online Content Services in the Internal Market [2017] Official Journal of the European Union L 168/1

Сот шешімдері (Судебные решения, Cases)

EU case law

1. Case "Eturas" UAB and Others v Lietuvos Respublikos konkurencijos taryba [2016] ECLI:EU:C:2016:42
2. Case 172/80 Gerhard Züchner v Bayerische Vereinsbank AG [1981] ECLI:EU:C:1981:178

US case law

1. Brooke Group Ltd. v. Brown & Williamson Tobacco Corp., 509 U.S. 209 (1993)
2. Interstate Circuit v. United States, 306 U.S. 208, 227 (1939)

Ресми құжаттар (Официальные документы, Official documents)

1. 'Decision of the Competition and Markets Authority' (Case 50223, Competition and Markets Authority 2016)
<<https://assets.publishing.service.gov.uk/media/57ee7c2740f0b606dc000018/case-50223-final-non-confidential-infringement-decision.pdf>> accessed 9 July 2020
2. Commission Decision of 6 August 1984 relating to a proceeding under Article 85 of the EEC Treaty (Zinc Producer Group, 84/405/EEC) Official Journal L 220, 17/08/1984 P. 0027-0045

Қосымша қайнар көздер (Вторичные источники, Secondary sources)

Кітаптар (Учебники, Books)

1. Chabert, J, and Barbin, E, *A History of Algorithms: From the Pebble to the Microchip* (Springer 1999)
2. Cormen, TH, et al., *Introduction to Algorithms* (MIT press 2009)

Мақалалар (Научные статьи, Articles)

1. Abadi, M, and Andersen, DG, 'Learning to Protect Communications with Adversarial Neural Cryptography' (arXiv:1610.06918, 21 Oct 2016) <https://arxiv.org/abs/1610.06918> accessed 12 July 2020
2. Beneke, F, and Mackenrodt, M, 'Artificial Intelligence and Collusion' (2019) 50.1 IIC-International Review of Intellectual Property and Competition Law 109

Есептер (Отчеты, Reports)

1. Bundeskartellamt and Autorité de la Concurrence 'Algorithms and Competition' (Bundeskartellamt, Autorité de la Concurrence, 2019)
2. OECD, 'Algorithmic Collusion: Problems and Counter-measures – Note by A. Ezrachi and M.E. Stucke' (OECD 2017)

Веб-парақшалар (Веб-страницы, Webpages)

1. 'Corporate Concentration' (The Economist, 24 March 2016) <https://www.economist.com/graphic-detail/2016/03/24/corporate-concentration> accessed 1 August 2020
2. 'Hauptgutachten XXII: Wettbewerb 2018' (Monopolkommission 2018) para 251 <https://monopolkommission.de/de/pressemitteilungen/211-xxii-gesamt.html> accessed 1 August 2020

Ғылыми жетекшінің пікірін рәсімдеу үлгісі

ПІКІР

Магистрлік диссертацияның ғылыми жетекшісінің пікірінде төмендегілер көрсетілуі тиіс:

- магистрлік диссертация тақырыбының өзектілігі;
- айқындалған проблеманың шешілу деңгейі;
- магистранттың арнаулы әдебиеттер мен практикалық материалдарды пайдалану дағдысы;
- алынған нәтижелердің негізділік деңгейі;
- алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі;
- магистранттың практикалық жұмысқа қабілеттілігі;
- магистрантқа тиісті біліктілікті (академиялық дәрежені) беру мүмкіндігі.

Ғылыми жетекші

_____ **Аты-жөні, дәрежесі,**

лауазымы, қолы

РЕЦЕНЗИЯ

Рецензияда негізгі назар магистранттың қорғауға шығаратын **әрбір ережесіне** талдау жасауға аударылуы **түіс**. Рецензия авторы қорғауға шығарылған ережелердің ғылыми жаңалығын және негізділігін талдауға, олардың күшті және әлсіз тұстарын айқындауға ұмтылуы қажет.

Рецензияда сондай-ақ төмендегілер көрсетілуі **мүмкін**:

- магистрлік диссертацияның (жобаның) проблемасының өзектілігі;
- магистрлік диссертацияның (жобаның) мәлімделген мақсатқа сәйкестік деңгейі;
- магистрлік диссертацияның (жобаның) құрылымының логикалығы;
- магистрлік диссертацияның (жобаның) проблемасы бойынша әдебиеттерге және практикалық материалдарға сыни шолудың болуы, оның толықтығы мен талдаудың жүйелілігі;
 - есептеу әдістемесін немесе жүргізілген зерттеулерді сипаттаудың толықтығы, авторлық есептік, теориялық және эксперименттік нәтижелерді баяндау деңгейі;
 - алынған тұжырымдар мен деректердің дәйектілігін бағалау;
 - магистрлік диссертацияның (жобаның) нәтижелері бойынша негізделген қорытындылардың болуы;
 - алынған нәтижелердің түпнұсқалылық (оригиналдылық) деңгейі;
 - магистрлік диссертацияның (жобаның) практикалық маңыздылығы, алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі;
 - магистрлік диссертацияның (жобаның) кемшіліктері мен әлсіз тұстары;
 - магистрлік диссертацияны (жобаны) рәсімдеуге және материалды баяндау стиліне қатысты ескертулер;
 - магистрлік диссертацияны (жобаны) бағалау.

Рецензент

_____ аты жөні, дәрежесі,

лауазымы, қолы

MAQSUT NARIKBAYEV UNIVERSITY

Педагогикалық (зерттеу, өндірістік) практикадан (тағылымдамадан) өту
туралы
ЕСЕП

Докторант _____
Практиканың
ұзақтығы ____ апта

қолы,
күні

Практика басшысы

қолы, күні

Практика нәтижелері бойынша комиссияның шешімі

Астана, 2024 г.

RESEARCH PROPOSAL-ҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР (ТАҢДАЛҒАН ЗЕРТТЕУ ТАҚЫРЫБЫНЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІН ҚОРҒАУ)

1. ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ЖОСПАРЫНЫҢ БОЛУЫ – 20 балл

Осы бөлімде магистранттар диссертацияның тарауларына қысқаша шолу жасайды (бөлімдерде қандай мәселелер қойылатынын, бөлімдердің мақсаттарын айқындайды, қандай мәселелер зерттелетінін көрсетеді).

2. КІРІСПЕНІ ТИІСТІ ДЕҢГЕЙДЕ ЖАЗУ – 20 балл

- Зерттеу мәселесінің алғышарттары;
- Проблеманы тұжырымдау және зерттеу сұрағын қою;
- Аталған зерттеуді жүргізудің қажеттілігі және зерттеу нәтижелерінің қандай салдарға әкелуі мүмкін екендігі.

3. ӘДЕБИЕТТЕРГЕ ТИІСТІ ШОЛУ – 50 балл

Осы бөлімде магистранттар аталған салада жүргізілген зерттеулермен таныс екенін көрсетуі тиіс. Атап айтқанда, магистранттар: негізгі теорияларды; зерттеу әдістерін; осы саладағы ғылыми пікірталастарды айқындайды. Әдебиеттерге шолу өзге еңбектерді жай ғана мазмұндаумен шектелмеуі тиіс. Магистранттар таңдаған проблема контекстінде басқа авторлардың еңбектеріне талдау жасауы қажет. Атап айтқанда, магистранттар: негізгі әдебиеттерді айқындауы; таңдалған проблема бойынша бірнеше көзқарасты салыстыруы; пікірлерді салыстырмалы талдауы; қолданыстағы зерттеулердегі кемшіліктерді және/немесе олқылықтарды анықтауы тиіс.

Осы бөлімде магистранттар кемінде 10 оқулықты, 20 ғылыми мақаланы, сондай-ақ белгілі бір ұстанымды растау үшін 10 сот ісін талдайды деп күтіледі.

4. ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕРДІҢ БОЛУЫ – 5 балл

Пайдаланылған барлық дереккөздерді толық көрсету қажет.

5. ДИССЕРТАЦИЯНЫ ЖАЗУ МЕРЗІМДЕРІНІҢ БОЛУЫ – 5 балл

Осы бөлімде магистранттар диссертацияның әрбір бөлімін жазудың нақты мерзімдерін айқындайды.

DRAFT RESEARCH І-ГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

1. ТИТУЛДЫҚ ПАРАҚ (5 балл)

- Жоғары оқу орнының атауы
- Диссертациялық зерттеу тақырыбы
- Магистранттың аты-жөні
- Ғылыми жетекшінің аты-жөні

2. ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ЖОСПАРЫ (5 балл)

Әдетте магистрлік диссертация 2–3 бөлімнен тұрады.

3. КІРІСПЕ (15 балл)

- Магистрлік диссертацияның мақсаты мен міндеттері;
- Магистрлік зерттеудің ғылыми жаңалығы;
- Қолданылатын зерттеу әдістері;
- Әдебиеттерге шолу (осы блокта магистранттар: зерттелетін саладағы негізгі теориялар мен ғылыми пікірталастарды; негізгі әдебиеттерді; көзқарастарды салыстыруды; зерттелетін саладағы кемшіліктерді және/немесе олқылықтарды көрсетуі тиіс);
- Аталған бөлімнің көлемі кемінде 500 сөз болуы тиіс.

4. ДИССЕРТАЦИЯНЫҢ АЯҚТАЛҒАН БІРІНШІ БӨЛІМІ (50 балл)

- Бөлім қажет болған жағдайда бөлімшелер мен тармақшалардан тұруы тиіс;
- Аталған бөлімнің көлемі кемінде 2000 сөз болуы тиіс.

5. БИБЛИОГРАФИЯ (25 балл)

Зерттелген барлық әдебиеттерді көрсету қажет, оның ішінде нақты пайдаланылған дереккөздерді айқындап, олардың диссертациялық зерттеуге ықпал ету деңгейін ашып көрсетуге дайын болу талап етіледі.

Ғылыми жетекшілердің назарына: ғылыми жетекшілер «Диссертацияны алдын ала қорғау» рәсіміне StrikePlagiarism жүйесі арқылы заңсыз өзге көздерден алынған материалдарға тексеру жөніндегі есепті StrikePlagiarism архивінде сақтаусыз ұсынуға міндетті.

ТРЕБОВАНИЯ, ПРЕДЪЯВЛЯЕМЫЕ К DRAFT RESEARCH II

1. ТИТУЛДЫҚ ПАРАҚ

2. ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ЖОСПАРЫ

Әдетте магистрлік диссертация кемінде екі бөлімнен тұрады.

3. КІРІСПЕ (20 балл)

- Магистрлік диссертацияның мақсаты мен міндеттері;
- Магистрлік зерттеудің ғылыми жаңалығы;
- Қолданылатын зерттеу әдістері;
- Әдебиеттерге шолу (осы блокта магистранттар: зерттелетін саладағы негізгі теориялар мен ғылыми пікірталастарды; негізгі әдебиеттерді; көзқарастарды салыстыруды; зерттелетін саладағы кемшіліктерді және/немесе олқылықтарды көрсетуі тиіс);
- Аталған бөлімнің көлемі кемінде 500 сөз болуы тиіс.

4. ДИССЕРТАЦИЯНЫҢ АЯҚТАЛҒАН БІРІНШІ БӨЛІМІ (30 балл)

- Бөлім қажет болған жағдайда бөлімшелер мен тармақшалардан тұруы тиіс;
- Аталған бөлімнің көлемі кемінде 2000 сөз болуы тиіс.

5. ДИССЕРТАЦИЯНЫҢ АЯҚТАЛҒАН ЕКІНШІ БӨЛІМІ (40 балл)

- Бөлім қажет болған жағдайда бөлімшелер мен тармақшалардан тұруы тиіс;
- Аталған бөлімнің көлемі кемінде 2000 сөз болуы тиіс.

6. БИБЛИОГРАФИЯ (10 баллов)

6. Зерттелген барлық әдебиеттерді көрсету қажет, оның ішінде нақты пайдаланылған дереккөздерді айқындап, олардың диссертациялық зерттеуге ықпал ету деңгейін ашып көрсетуге дайын болу талап етіледі.

Ғылыми жетекшілердің назарына: ғылыми жетекшілер «Диссертацияны алдын ала қорғау» рәсіміне StrikePlagiarism жүйесі арқылы заңсыз өзге көздерден алынған материалдарға тексеру жөніндегі есепті StrikePlagiarism архивінде сақтаусыз ұсынуға міндетті.

ДИССЕРТАЦИЯНЫ (ЖОБАНЫ) ДАЙЫНДАУДЫ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

№	Критерийі	Өте жақсы (90-100)	Жақсы (70-89)	Қанағаттанарлық (50-69)	Қанағаттанарлықсыз (0-49)
1.	Зерттеу және білім деңгейі	Магистрант материалды өте жақсы меңгергенін және пәндік саланы терең түсінетінін көрсетті. Магистрант егжей-тегжейлі әрі жан-жақты зерттеу жүргізді.	Магистрант пәндік саланы жақсы деңгейде түсінетінін көрсетті. Магистрант ауқымды зерттеу жүргізді.	Магистрант пәндік саланы қанағаттанарлық деңгейде түсінетінін көрсетті. Магистрант ақылға қонымды шектерде зерттеу жүргізді. Студенттің жұмысында елеусіз қателер болуы мүмкін.	Магистрант материалды үстірт меңгергенін көрсетті. Магистрант шектеулі зерттеу жүргізді. Студенттің жұмысында дәлдікке қатысты елеулі қателер бар.
2.	Аргументация сапасы	Магистрант релеванттылықтың, сыни ойлаудың және дәлелдеу деңгейінің өте жоғары екенін көрсетті. Студенттің жұмысы ақпаратқа негізделген әрі дербес ойлаудың бар екенін айғақтайды. Магистрант жасалған қорытындыларды негіздеу үшін нанымды дәлелдер келтіреді.	Магистрант өзекті әрі жақсы фокусталған материалды көрсетті. Студенттің жұмысы сыни талдаудың және дербес ойлаудың жоғары деңгейінің бар екенін айғақтайды.	Магистрант жұмыста өзекті материалды пайдаланды. Жұмыс сипаттамалық сипатта. Студенттің жұмысы материалға сыни талдаудың қанағаттанарлық деңгейінің бар екенін көрсетеді және дереккөздердің тар ауқымына сүйенеді.	Жұмыс бұлдыр әрі сипаттамалық түрде жазылған. Студенттің жұмысы сыни талдаудың төмен деңгейін немесе оның мүлде болмауын көрсетеді.
3.	Құрылым және үйлесімділік	Жұмыстың құрылымы өте жақсы. Жұмыс ойдың өте анық әрі жүйелі түрде өрбуін көрсетеді. Кіріспе мен қорытындысы күшті.	Жұмыстың құрылымы жақсы. Жұмыс жүйелі ой қорыту бар екенін көрсетеді. Кіріспе мен қорытындысы жақсы деңгейде.	Жұмыстың құрылымында белгілі бір деңгейде құрылымдау мен жоспарлау белгілері бар. Жұмыс жүйелі ой қорыту бар екенін айқын көрсетпейді.	Құрылымдау мен жоспарлау айтарлықтай жетілдіруді қажет етеді. Жұмыс жүйелі ой қорыту бар екенін көрсетпейді.
4.	Презентация, грамматика және стиль	Грамматикасы мен материалды ұсынуы өте жақсы. Жұмыс анық әрі академиялық тұрғыдан қолайлы тілде жазылған.	Грамматикасы мен стилі жақсы деңгейде.	Грамматикасы мен материалды ұсынуы қанағаттанарлық деңгейде.	Презентациясы мен грамматикасы нашар, орфографияны мұқият түзету қажет.
5.	Сілтемелер және библиография	Сілтемелер дұрыс әрі толық рәсімделген. Библиография толық және талаптарға сәйкес рәсімделген.	Сілтемелер дәл. Библиография негізінен толық және дұрыс рәсімделген.	Сілтемелер жалпы алғанда дұрыс. Библиография толық емес қосымша назар аударуды қажет етеді.	Сілтемелер дұрыс рәсімделмеген. Библиография мазмұны мен дәлдігі тұрғысынан жеткіліксіз.

ДИССЕРТАЦИЯНЫҢ (ЖОБАНЫҢ) АУЫЗША ҚОРҒАУЫН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

№	Критерийі	Өте жақсы (90-100)	Жақсы (70-89)	Қанағаттанарлық (50-69)	Қанағаттанарлықсыз (0-49)
1.	Ауызша қорғау сапасы	Магистрант тақырыпты еркін меңгерген, ойларын анық жеткізеді; аудиториямен байланыс орнатады.	Магистрант тақырыпты еркін меңгерген, алайда кейбір дәлсіздіктерге жол береді, олар тақырыпты түсінуге кедергі келтірмейді.	Магистрант тақырыпты жеткілікті деңгейде еркін меңгермеген, ойды жеткізу барысында қиындықтарға тап болады. Слайд мәтініне шамадан тыс сүйенеді.	Магистрант мәтінді оқып береді, қателіктер жібереді.
2.	Жауаптың дұрыстығы	Құқық нормаларын жалпыға бірдей қабылданған, ұсынылатын түсіндіруге сәйкес дұрыс жауап.	Құқық нормаларын жол берілетін кеңейтілген немесе шектеулі түсіндіру шеңберінде мүмкін болатын жауап.	Құқық нормаларын жол берілетін кеңейтілген немесе шектеулі түсіндіру шеңберінде мүмкін болатын жауап.	Құқық нормаларын жол берілетін түсіндіру аясында мүмкін емес жауап.
3.	Жауаптың толықтығы	Қойылған барлық сұрақтарға жан-жақты жауаптар берілген.	Кемінде бір сұрақ бойынша жан-жақты жауаптың болмауы.	Қойылған сұрақтардың жартысынан көбіне жан-жақты жауаптар берілген.	Қойылған сұрақтардың жартысынан көбіне жан-жақты жауаптардың болмауы.
4.	Аргументация сапасы	Әрбір сұрақ бойынша құқық нормаларын, доктринаны және прецеденттерді дұрыс әрі келісімді қолдана отырып, толық негіздеме келтірілген.	Әрбір сұрақ бойынша құқық нормаларын дұрыс әрі келісімді қолдана отырып, негіздеме келтірілген.	Құқық нормаларын қолдануда жекелеген дәлсіздіктер, әртүрлі сұрақтар бойынша аргументациядағы болмашы алшақтықтар бар.	Қойылған сұрақтардың жартысынан көбіне жауап беру кезінде құқық нормаларын қолдануда дәлсіздіктер бар, аргументациядағы алшақтықтар шешімнің екіұштылығына әкеледі.